

**«Жолшы» бөбекжай- бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Ойыл ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Жолшы» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының
өзін-өзі бағалау қорытындысы**

**Ойыл селосы
2023жыл**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны бойынша өзін-өзі бағалау өткізу нәтижелерінің

АНЫҚТАМАСЫ

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 54 бабы 4 тармағына «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысы Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департамент басшысының 2022 жыл 20-қаңтардағы № 17-12-04-6/53 бұйрығы негізінде 2023 жылдың 05-08-ші маусым аралығында «Жолшы» бөбекжай-бақшасы өзін-өзі бағалауды өткізді.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

Өзін-өзі бағалау кезінде тексерілін сарапталды:

1. Мектепке дейінгі мекеменің жалпы сипаттамасы;
2. Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары
3. Білікті қызметкерлердің болуы;
4. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
5. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету
6. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау деңгейінің диагностикасы;
7. Ата-аналармен өткізген сауалнама қорытындысы.
8. Өзін-өзі бағалаудың нәтижелерін қорытындылау.

1. Мекеменің жалпы сипаттамасы



Білім беру ұйымының толық атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, индекс 030900, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылдық округі, Ойыл ауылы, Қлипанов көшесі, 24 п/м/арат. **Заңды тұлғаның байланыс деректері:** Тел/факс: 8(713 32) 2-12-08 Эл. поштасы: zholsh_uil@mail.ru

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Мырзағалиева Ажар 15.08.2014 жылы Ойыл аудандық білім бөлімі басшысының № 342 бұйрығымен тағайындалған.

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар:

Ұйымының Жарғысы – Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсанының №490 қаулысымен бекітілген; «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Ақтөбе облысы бойынша филиалының Ойыл ауданының бөлімімен заңды тұлғаға мемлекеттік қайта тіркеу 2021 жылғы 13 қаңтарда жүргізілген.

Бөбекжай-бақшасының Жарғысында-оқыту тәрбиелеу ісі мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты негізінде жасалған оқу жоспарлары және бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылуы және білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі, білім беру процесін ұйымдастыру тәртібін (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі, тәрбиеленушілерді бөбекжай-бақшасында орынының сақталуы мен шығару негіздерін және тәртібін, білім беру ұйымының тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі басшылыққа алынған.

Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы БИН 990940001593, 13.01.2021 жылы № 23-1904-14-МАО-МК берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні: 07.09.1999 жыл.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны -Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы «30» желтоқсандағы №490 қаулысының негізінде қайта құрылды.

Рұқсат беру құжаттары: Білім беру қызметін жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама №КЗ29Р/К00026446.

Берілген күні: 18.01.2021 жыл.

2.3. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар: Тәрбие мен оқыту үрдісі «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы); сәйкес жүзеге асырылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын тиімді іске асыру мақсатында бөбекжай-бақшасы білім беру процесіне перспективалық жоспар құрылды...

Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған іс-әрекетінің МЖМБС талаптарына сәйкес «Жолшы-бөбекжай бақшасы» МККК-да тәрбие мен оқыту үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. Бөбекжай – бақшасының сыйымдылығы 55 орын, 2 топ. Қазіргі таңда 55 бала тәрбиеленуде. 2-5 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 3 мезгіл тамақтандырылады.

Материалдық - техникалық және әлеуметтік базасы

«Жолшы-бөбекжай бақшасы» мектепке дейінгі ұйымында балаларды сауықтыруға және денсаулығын дамытуға, жан – жақты тәрбие мен оқыту жұмыстарын ұйымдастыруға барлық жағдай жасалынған.

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі материалдық-техникалық базаның шығарына көңіл бөледі.

Балабақшада меңгеруші, әдіскер, медициналық кабинеттері талапқа сай жабдықталған. Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырады. Тәрбие мен оқыту жұмысына қажетті құрал-жабдықтармен және 2-5 жасар балалардың тәрбиеленуіне қолайлы жағдайларменен қамтамасыз етілген. Барлық жастағы топтардың қабылдау, ойын-жаттық және жуыну бөлмелері бар. Балабақша аумағында 2 топқа арналған, ойын алаңдары бар.

Барлық бөлмелер санитарлық, эстетикалық және дидактикалық талаптарға сай келеді. Балабақша балалардың ойнауы мен балабақша қызметкерлеріне қажетті кенсе жиһазымен толық жабдықталған.

«Күншуақ», «Еркетай» топтарында заттық-кеңестіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар сәйкес - қауіпсіз; қолжетімді; әртүрлі; мазмұнды; көп атқарымды; өзгермелі; тартымды етіп жинақталды. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады. Екі топта да теледидарлар бар.

Балабақшада: 3 дана – компьютер, 1 дана – ноутбук, мультимедиялық жабдық: экран+проектор – 1 комплект, принтер – 1 дана, принтер+сканер+ксерокс – 2 дана, «факс» аппараты – 1 дана, теледидар – 2 дана, дауыс ұлғайтқыш – 2 дана, музыкалық аппарат-1, фотоаппарат+видеркамера-1 дана, ламинатор-1 дана, переплеттау машинасы-1 дана.

Балабақшада 3 компьютер локальды – аппараттық жүйеге қосылған, интернет желісі, электронды пошта бар.

Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоңазытқыштар, үтік, т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып толықтырылып отырылады. Медициналық бөлме, асхана бөлмесі қажетті құралдармен жаңартылып талапқа сай жабдықталған. СанПиН талаптарына сай.

Кадрлар әлеуетіне талдау

2022-2023 оқу жылында «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-да барлығы 8 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог-қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және аудандық білім бөлімі тарапынан бекітілген. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлар тұрақты.

Жоғары білімдісі – 5 педагог (62,5%)

Оның ішінде:

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша – 4 (50%)

Арнаулы орта білімдісі – 3 педагог (37%)

Оның ішінде:

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша -1(12,5%)

Ұйымдастырушы басшы: -1(12,5%)

Педагог-зерттеуші: - 2 (25%)

Бірінші санатты: - 1 (12,5%)

Санаты жоқ: -4 (50%)

Біліктілік курсынан өткен педагогтар: 3 педагог

Қазіргі таңда «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-да 4 тәрбиеші, 1 психолог, 1 музыка жетекшісі, 1 әдіскер, 1 меңгеруші жұмыс жасайды.

Педагогтардың білімі туралы мәлімет

Оқу жылдары	Барлық педагог тар	Мектепке дейінгі жоғары білім	Жоғары пед.білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білім	Арнаулы орта білім	Педагогикалық білімі жоқ
2022-2023	8	4 (50%)	1(12,5%)	1 (12,5%)	2 (25%)	-

Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінзделе

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары	Бірінші	Екінші	Педагог-зерттеуші	Үшінші біліктілік санаты басшы	Санаты жоқ
2022-2023	8	-	1	0	2	1	4

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі педагогтардың біліктілік санатын көтеруге көп көңіл бөледі.

3.3. Біліктілік арттыру курсынан өткен педагогтар туралы мәлімет (2022-2023 оқу жылы бойынша): Бөбекжай-бақшасының педагогтары тәрбиелеу мен оқыту арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуді үздіксіз жүзеге асыру мақсатында, педагогикалық шеберлікті жетілдіруге мүмкіндік беретін аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысанында біліктілікті арттыру курстарынан өткен. Педагогтердің кәсіби өсуінің үздіксіздігі қамтамасыз етілген.

Оқу жылы	Педагогтар саны	Обя.білім жетілдіру институты: «Өрлеу» БАҰО АҚ Ақтөбе облысы бойынша ПҚБАИ	Балаларды ерте дамыту институты	ҚРБҒМ «ПШ Орталығы»	Басқа	Курстан өткен барлық педагогтар саны
2022-2023 ож	8	-	1	2	-	3 (37,5%)

№	Педагогтың аты жөні	қызметі	Курстан өткен жылы	Курс тақырыбы	Курс өткен мекеме
1	Мырзағалиева Ажар	менгеруші	04.11.2022ж	Мектепке дейінгі ұйым басшылары мен әдіскерлеріне арналған «Мектепке дейінгі ұйымдағы менеджмент практикасы: балаларды дамыту бағдары» біліктілікті арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде курсты аяқтады №3790ca1ec	ҚРБҒМ «ПШ Орталығы»
2	Жоламанова Салтанат Болатовна	әдіскер	25.11.2022ж	Мектепке дейінгі ұйым басшылары мен әдіскерлеріне арналған «Мектепке дейінгі ұйымдағы менеджмент практикасы: балаларды дамыту бағдары» біліктілікті арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде курсты аяқтады №38b8dec1f	ҚРБҒМ «ПШ Орталығы»
3	Улукпанова Бақыт Жолдасқалиевна	тәрбиеші	05.06-16.06.2023ж.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру» №001778	Балаларды ерте дамыту институты.

3.6. Кадрлардың педагогикалық еңбек өтілі бойынша құрамы

Оқу жылы	Педагог қызметкерлердің еңбек өтілі						
	барлығы	3 жылға дейін	3 жылдан-5 жылға дейін	5 жылдан-10 жылға дейін	10 жыл-15 жылға дейін	15 жыл-20 жылға дейін	20 жылдан жоғары
2022-2023	8		1	0	0	4	3

Жасы бойынша:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	25-ке дейін	25-34 жас	35-44 жас	45-54 жас	55-60 жас
2022-2023	8	-	2(25%)	2(25%)	3 (37,5%)	1(12,5%)

Педагогтар өздерінің кәсіби шеберліктерін өз бетімен білім алу арқылы арттырады – бұл әдістемелік бірлестіктерге қатысу, өзара байланыс жасау, жаңашыл әдістемелік әдебиеттерді оқу, аудандық және облыстық семинарларға қатысып өз іс-тәжірибесімен бөлісу және аудандық, облыстық әдістемелік орталықтың қолдауымен әдістемелік жинақтарын баспадан шығару, аудандық, облыстық, республикалық баспаларға өз мақалаларын жариялауда. Атап айтқанда 2022-2023 оқу жылында

С.Жоламанова, әдіскер - «Шаңырақ сыны» «ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ШЖ»
Облыстық ғылыми-әдістемелік журналы №4 /2022 (26)

М.Утеуова, тәрбиеші- «Маша бзде қонақта», «Бала мен балабақша» Республикалық журналы №9 2022ж.

Үй жануарлары қалай лыбыстайды? «ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ШЖ» облыстық ғылыми-әдістемелік журналы №4 /2022 (26)

Б.Улукпанова, тәрбиеші- «Кім алғыр», «Отбасы және балабақша» №5 (2022ж.)

Максаттар:

- 1) Физикалық қасиеттерді дамыту
- 2) Коммуникативтік дағдылар
- 3) Танымдық және зияткерлік дағдылар (математика негіздері)
- 4) Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру
«OZAT. KZ» Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы № 58 (2022ж.)

В.Кадирова, тәрбиеші- «Бауырсақтың ізімен» Педагогикалық шолу
«Көліктер» Ақтөбе ұстазы

Ш.Тайғужиева тәрбиеші- «Жаяу жүргінші және жүргізуші» Бала мен балабақша
Республикалық журнал №9 2022ж.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай «Тәуелсіздік-Ерлік жолы елімізін» қашықтан өткен облыстық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары 2021 «Тәуелсіздік-Киелі ұғым» Ақтөбе ұстазы 30.09.2022ж

З.Таттиғалиева психолог – «Танғажайып көселектер» Ақтөбе ұстазы 30.09.2022ж

2022-2023 оқу жылында семинар-практикумге қатысқан педагогтер:

З.Таттиғалиева «Жыныстық тәрбие және балалар мен жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу» атты облыстық семинар-практикум.

Б.Улукпанова «Мектепке дейінгі білімберу жүйесіндегі салалық трансформация» тақырыбындағы облыстық семинар. 31.03.2023 ж.

С.Жоламанова, Ш.Тайгужиева «Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында заттық-дамытушы ортаны тиімді пайдалану» тақырыбындағы облыстық семинар 5.04.2023 ж.

С.Жоламанова, М.Утеуова, В.Кадирова «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне арналған семинар Аудандық көлемінде 25.04.2023ж»

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-да іс-жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың жеке іс-қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, өмірбаяны, жұмысқа қабылданғандары туралы, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел. Негізгі қызмет жөніндегі, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың еңбегін бағалау жұмыстары жақсы атқарылған. Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі ұйым ішілік марапаттаулармен қатар аудандық облыстық, республикалық марапаттарға ие.

А.Мырзағалиева менгеруші- «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» Куәлік №1 526 21.09.2022 ж КТ А.Мұқашева

С.Жоламанова әдіскер - Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы Алғыс хат «Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Сурет салу» аталымы бойынша жеңімпаздар дайындағаны үшін Алғыс хат.

М.Утеуова тәрбиеші- Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы Алғыс хат «Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Сурет салу» аталымы бойынша жеңімпаздар дайындағаны үшін Алғыс хат.

Б.Улукпанова тәрбиеші- «Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Сурет салу» аталымы бойынша жеңімпаздар дайындағаны үшін Алғыс хат. Аудандық білім бөлімінен Алғыс хат.

В.Кадирова тәрбиеші- Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы Алғыс хат Аудандық білім бөлімінен Алғыс хат.

«Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Сурет салу» аталымы бойынша жеңімпаздар дайындағаны үшін Алғыс хат.

Ш.Тайгужиева тәрбиеші- «Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Сурет салу» аталымы бойынша жеңімпаздар дайындағаны үшін Алғыс хат. Аудандық білім бөлімінің Алғыс хат.

Қыпмет бабында жазаланған педагогтар тіркелмеген. Ұжым арасында сәлауатты моральдық-психологиялық ахуыл қалыптасқан.

Сонымен қатар МДҰ тәрбиеленушілері республикалық, облыстық, аудандық байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленді.

№	Аты-жөні	Конкрустың аталуы	Марапат
1	Жайсұлтанова Аянат	«Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Сурет салу» аталымы бойынша қатысып	II-Диплом
2	Ергенбай Айша	«Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Сурет салу» аталымы бойынша қатысып	I-Диплом
3	Жарас Адалиев	«Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Фото сурет» аталымы бойынша қатысып	I-Диплом

4	Берикова Аяла	«Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Мәнерлеп оқу» аталымы бойынша қатысып	I-Диплом
5	Ергали Медина	«Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Мәнерлеп оқу» аталымы бойынша қатысып	I-Диплом
6	Алтынбекова Айзере	«Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Мәнерлеп оқу» аталымы бойынша қатысып	I-Диплом
7	Тапаев Айбат	«Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Сурет салу» аталымы бойынша қатысып	I-Диплом
8	Тапайев Айбат	«Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Қол өнер жұмысы» аталымы бойынша қатысып	I-Диплом
9	Максот Айкөркем	«Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Мәнерлеп оқу» аталымы бойынша қатысып	I-Диплом
10	Максот Айкөркем	«Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Қол өнер жұмысы» аталымы бойынша қатысып	I-Диплом
11	Русланұлы Дәулетхан	«Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Сурет салу» аталымы бойынша қатысып	II-Диплом
12	Жанболат Саян	«Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Сурет салу» аталымы бойынша қатысып	II-Диплом
13	Ергенбай Аида	«Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Қол өнер» аталымы бойынша қатысып	II-Диплом
14	Жарасқали Аяла	«Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Фото сурет» аталымы бойынша қатысып	I-Диплом
15	Әсет Аяла	«Алтын Бала-2022» Республикалық байқауына «Мәнерлеп оқу» аталымы бойынша қатысып	I-Диплом
16	Ергали Медина	Аудандық байқау «Көктем ханшайымы»	«Көрермендер көзайымы»
17	Самат Динар	Аудандық байқау «Көктем ханшайымы»	II-орын
18	Бисенкүлов Қуашқан	Балаларды ерте жастан дамыту институты» 2023 жылғы жоспарына сәйкес республикалық байқау «Ханталарай»	Аудандық I-Диплом Обл.к Алғыс хат
19	Ергали Медина	Халықаралық байқау «Балапан бояулар әлемі»	I-Диплом
20	Ергали Медина	Ақтөбе – Дарын өңірлік ғылыми – тәжірибелік қосымша білім беру орталығы «Жеңіске тарту»	Аудандық II-орын
21	Берикова Аяла	Ақтөбе – Дарын өңірлік ғылыми – тәжірибелік қосымша білім беру орталығы «Жеңіске тарту»	Аудандық III-орын
22	Ергали Медина	Түркістан – Мен майдангер ұрпағымын»	I-Диплом
23	«Күншуақ» тобы	Балаларды ерте жастан дамыту институты» 2023 жылғы жоспарына сәйкес республикалық байқау «Қызыққа толы сәттер»	Аудандық I-Диплом

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ның жылдық жоспарына сәйкес оқу жылы барысында 5 рет педагогикалық кеңес ұйымдастырылған. Педагогикалық кеңес отырыстарына хаттама толтырылған. Педагог кадрлар жұмыстарының сұрақтары әкімшілік педагогикалық кеңестерде, кәсіподақ және өндірістік отырыстарда қарастырылады. Педагогикалық процестің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі – жұмыс нәтижесін сараптау болып саналса.

мектепке дейінгі ұйымда әр жылға оқу- тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша педагогтар мен тәрбиеленушілердің мониторингі жасалған.

МДҰ әкімшілігі қауіпсіздік техникасын, орт қауіпсіздігі ережелерін, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқауын сақтауды қатаң назарға алады. Токсан сайын қызметкерлермен нұсқаулықтар жүргізіледі.

МДҰ әкімшілігі мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жаңарту, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстарын жүйелі және жоспарлы түрде жүргізеді.

Әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамы

Әкімшілік –басқару қызметкерлерінің құрамы штаттық кестеге сай жұмыс жасайды. Әкімшілік –басқару қызметкерлер құрамы төмендегіше:

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» МКҚК басқару қызметін А.Мырзағалиева атқарады. Педагогикалық еңбек өтілі -40 жыл, үшінші санатты басшы-ұйымдастырушы педагог. Осы аталған мекемеде 15.08.2014 жылдан жұмыс жасауда. Білімі – арнаулы орта:

1. Қаскелең педагогикалық училищесі. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту»

01.03.1983 ж. №788

Әдіскер – Жоламанова С.Б. «Жолшы»бөбекжай-бақшасы»МКҚК-да 2004 жылдан бастап жұмыс жасайды. Осы қызметі бойынша 2011 жылдың ақпан айынан бастап жұмыс жасайды. Білімі – арнаулы орта

1. Ақтөбе гуманитарлық колледж «Бастауыш сынып мұғалімі»21.06.2008ж. №114

Шаруашылық меңгерушісі – Құрманғалиева Н.Б. Осы балабақшада, 1995 жылдан бастап еңбек етіп келеді.

1. Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технологиялар колледжі, 22.04.2008ж. №19174

Медбике – Шутенова З. , білімі арнаулы орта, Ақтөбе медицина училищесі бітірген, осы мекемеде еңбек өтілі 1 жыл.

Есепші – Бақытжанова Д.Ж. Осы мекемеде 2020 жылдан бастап еңбек етеді. Білімі – жоғары.

1. Қазақ-орыс халықаралық университеті, 12.06.2022ж. №525

Барлық атқарушылардың жауапкершілік деңгейін қамтамасыз ететін әкімшілік мүшелерінің арасында функционалды міндеттері белгіленген. Меңгерушінің нормативті құжаттарға арналған жинақ папкісі бар. Меңгерушіге қажетті барлық құжаттары талапқа сай. Бұйрықтар кітаптары сауатты жүргізілген. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жоспар бойынша жұмыстар жүргізілген. Мектепке дейінгі ұйымда салауатты психологиялық жақсы ахуалды қарым-қатынас қамтамасыз етілген.

Тәрбиеленушілердің контингенті

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы»МКҚК-да жалпы тізім бойынша -55 бала. Балалардың құрамы 2-5 жас аралығын қамтиды, барлығы 2 топ.

«Күншуақ» тобында -27 бала, «Ерсетай» тобында-28. Балалар қозғалысы кітабы жүргізіледі.

2022-2023 оқу жылдарындағы балалардың жалпы саны:

Оқу жылы	Балалардың жалпы саны	«Күншуақ» тобында	«Еркетай» тобында
2022-2023 о.ж	55	27	28

Тәрбиеленуші отбасының әлеуметтік статусы:

2022-2023 оқу жылының басында жанұяның әлеуметтік жағдайын анықтау мақсатында «Жанұяның әлеуметтік жағдайы» атты сауалнама таратылып, 29 ата-ана толтырып қорытындыланды.

Оқу жылы	Жалпы саны	Қыз Меткерлер	Жұмысшы	көп балалы	Отбасы жағдайы			Отбасындағы бала саны				
					Жаксы	орташа	Төмен	1 бала	2 бала	3 бала	4 бала	5-6-7 бала
2022-2023о.ж	29	20	19	5	10	19	0	8	11	5	4	1

Оқу-әдістемелік жұмыстар

Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педагогтарды кәсіби даарлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жанашар әдістемелерді, әдіс-тәсілдерді, формаларды қолданады.


Бөбекжай педагогтары білімдері мен тәжірибелерін жинау мақсатында әр түрлі жұмыс түрлерін өткізуде. Олар: бөбекжай психологы З.Таттигалиеваның ұйымдастыруымен өткен «Балалардың мектепке дайындығын талдау деңгейі» талдау барысында, тәрбиешілерге бірнеше ақыл-кеңес берді. Тәрбиеші Б.Улукпанова «Педагогтің сөйлеу кәсіби қызметіндегі сөйлеу мәдениеті мен этикеті» тақырыбында жұмыс іс-шара өткізді.

Менгеруші А.Мырзагалиева «Мектепке дейінгі ұйымдағы менеджмент практикасы: балаларды дамыту бағдары» тақырыбында баяндама оқып, іс-тәжірибесімен бөлісті.

Бөбекжайдың жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырылған түрлі шаралар -баланың тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Олар: «Еркетай» тобының бұлдіршіндерімен «Бірінші қыркүйек -қарсы алың бізді» тақырыбында мерекелік шарасы, «Табиғат-ұрпақ игілігінде -Аудандық балалар кітапханасымен біріккен іс-шара, «Кііз үй-біздің асыл мұрамыз» - Ашық есік күні, Аудандық мұражайға саяхат ұйымдастырылды. «Менің сүйікті ертегі кейіпкерім» тақырыбына байланысты «Үйректің балаландары» атты ертегісін сомдап,балалардың тілін, шығармашылық қабілетін дамытуға баулыды. «Қыс қызығы» тақырыбында спорттық шараны ата-аналармен бірлесе өткізді.«Мектепке барар жол» атты аудан басындағы мектептерге саяхат жасады. Т.б көптеген іс-шараларды өткізді.

«Күншуақ» тобының бұлдіршіндерімен «Банткітер күні» тақырыбында ертеңгілік өткізілді.Балалардың денсаулық «Көңілді жаттығулар», «Әке пірегі» -Анамның алақаны» тақырыптарында ертеңгіліктер және «Мейірімді отбасы» тақырыбында фото галерея ұйымдастырылды.

«От – тілсіз жау», «Бағдаршам біздің досымыз», «Астан да аллергия болады» сияқты балалардың қауіпсіздік туралы білімдерін кеңейтуге бағытталған тақырыптық сағаттар, кеңестер өткізілді.





Мектепке дейінгі білім беру педагогтерімен ата-аналардың бірігіп іс - әрекетке және тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысуы педагогтер мен ата-аналардың өзара іс-қимылының ең жоғары деңгейді көрсетеді. Балабақшада белгілі бір іс- шараларды ұйымдастырған кезде ата-аналар тәрбиешінің көмекшісі ретінде әрекет етеді. Балабақша педагогтары мен ата-аналар арасында тығыз сенімді орта жүйеленген.

Ата-аналармен жұмыс түрлері жоспарға сай өтіп тұрады.

Жаңадан қабылданған балалармен және оның ата-аналарымен бейімделу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Баламен жеке жұмыстар, ата-аналарға «Күн тәртібінін маңызы», «Балабақшаданғы бейімделу кезіндегі ата-ананың рөлі» тақырыптарында кеңестер берілді. Психологиялық кеңестер, тренингтер арқылы ата-анамен жұмыстар жүргізілді «Балабақшаның ашық есік күні» өткізіліп, нәтижесінде ата-аналарды балабақша өміріне ат салысуға шақырдық.

Жылдық жоспар жұмысының талдануы, педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілген, хаттамалары жазылып нөмірленген, мөр басылған. Педагогикалық кеңес тақырыптары дұрыс қойылған.

Мектепке дейінгі ұйымының басқа мекемелермен өзара байланысы.



Оқу – тәрбие жұмысы

Барлық топтарда МЖМБС білім беру салалары бойынша жабдықталған:

2022-2023 оқу жылы «Күншіуак» тобы (2 жас) бойынша Ұйымдастырылған іс-әрекет:
Дене шынықтыру - аптасына үш рет.

Дене шынықтыру - күн сайын.

Сөйлеуді дамыту-күн сайын.

Көркем әдебиет-күн сайын.

Сенеорика -күн сайын

Көршілер ортамен таныстыру -күн сайын.

Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру- күн сайын.

Музыка -аптасына бір рет.

Музыка -күн сайын.

«Еркетай» тобы (4 жас) бойынша Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Дене шынықтыру -аптасына үш рет.

Дене шынықтыру - күн сайын.

Сөйлеуді дамыту-күн сайын.

Көркемәдебиет-күн сайын.

Қазақ тілі- аптасына бір рет

Қазақ тілі- күн сайын.

Математика негіздері -күн сайын

Көршілер ортамен таныстыру -күн сайын.

Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру- күн сайын.



Музыка -аптасына екі рет.

Музыка -күн сайын.

Физикалык касиеттерди дамыту

Физикалык дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулыгына саналы түрдө карауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырылған. «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет, мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (танертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылды.

Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимылды әрекетін танертен таңғы астан соң, серуен кездерінде, күннің екінші жартысында ұйымдастырады. Дене шынықтыру бойынша тәрбие мен оқыту дағдыларын меңгертті.




Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

«Куншувк» тобында Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сенсорика ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылды. Балалардың танымдық қабілеттерін, білуге құштарлығын, қиялын, зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын дамыту болып табылады.

«Еркедай» тобында Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Қоршаған ортамен таныстыру күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беру, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы іске асырылады. Мұнда балалардың заттарды қолмен ұстап зерттеу, олардың қасиеттеріне талдау жасауы, заттарды қолдануы, туындаған сұрақтардың жауабын іздеуі мен табуы, алынған беруді, алынған дағдыларды ойында қолдана алуы маңызды. Сонымен ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету, эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрісін кеңейту.





Коммуникативтік дағдыларды дамыту

«Күншуақ» топ Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

«Еркетай» топ Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.



Педагог кадрлер балалардың сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын, әдеби шығармалар мен халық ауыз әдебиеті шығармаларына қызығушылықты қалыптастыра отырып, инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру бағытында және Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі жан-жақты жұмыстар жүргізді.



Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

«Қуншұақ» және «Еркедай» топ тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиешілер балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру, дербес тәжірибелік және шығармашылық әрекетті дамыту болып табылады, балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу, олардың өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау болып табылады.




Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

«Күвшуак» тобы Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

«Еркетай» тобы . Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Педагог қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу; аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу және құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау, табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру



Балалардың білімін бағалау

Балалардың біліктері мен дағдылары дамуында 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың дамуын бағалау жүйесі және индикаторлар құрылымы бойынша жүргізілген.

Мониторинг жылына 3 рет:

- бастапқы – қыркүйекте;
- аралық – қаңтарда;
- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Бастапқы мониторинг Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарына сүйеніп отырып, ал аралық пен қорытынды мониторинг Балаларды ерте дамыту институты дайындаған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары – (Астана, 2023 - 68 бет) сүйеніп отырып жүргізілді.

Бағдарламаның барлық бөлімдерін қамтылуы бойынша:

№	Қорытынды деңгейі	Физикалық Қасиеттерді дамыту	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру
1	Жоғары	91,5 %	93%	93,5%	89,5 %	93,5%
2	Орташа	4,5 %	7%	6,5%	10,5 %	7%
3	Төмен	0%	0%	0%	0 %	0 %

8. Өзін-өзі бағалаудың нәтижелерін қорытындылау: ●

Өзін-өзі бағалау барысында комиссия ұсынады:

- алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені насихаттау жұмысын жалғастыру;
- педагогтардың облыстық, республикалық конкурстарға қатысуын жалғастыру;

Өзін-өзі бағалау, яғни мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуын, оқу-әдістемелік ғылыми зерттеу, тәрбие жұмыстарын, тәрбиеленушілер білімдерінің деңгейін тексеру, материалдық-әлеуметтік базасының жағдайы және кадрлардың кәсібилігін, сауалнамаларды жан-жақты талдау барысында - бөбекжай-бақшасы мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай екендігін көрсетті.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы (Ойыл ауданының білім бөлімі) мемлекеттік мекемесінің «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының өзін-өзі бағалау нәтижелері білім саласындағы өкілетті орган – Ақтөбе облысының білім саласындағы бақылау департаментіне ұсынылған.

Комиссия төрайымы:
Комиссия мүшелері:



А.Мыртағалиева
С.Б.Жолманова
Б.Ж.Улукпаинова
М.К.Утеуова
З.Таттиғалиева